

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ



ПРЕМЬЕР-МИНИСТР
РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

Қазақстан Республикасының
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына

2023 жылғы 22 қыркүйектегі
№ ДС-345

Құрметті депутаттар!

Паллиативтік көмек көрсету мәселелеріне қатысты сауалды қарап, келесіні хабарлаймын.

Паллиативтік көмек инфрақұрылымына қатысты

Денсаулық сақтау министрлігінің мәліметтері бойынша республика бойынша паллиативті пациенттерге арналған 2098 төсек, оның ішінде 208 медициналық ұйымдарда балаларға арналған 61 төсек орналастырылған.

Анықтама: 2020 жылы төсек қуаты – 1730 төсек, 2021 жылы – 1794, 2022 жылы – 1873-ті құрады.

Сонымен қатар еліміздің барлық өңірлерінде паллиативтік пациенттерге медициналық көмек көрсететін 221 мобильді бригада жұмыс істейді.

Неғұрлым өзекті мәселелерді шешу үшін заңнамалық базаны жетілдіруді, опиоидты анальгетиктерге қолжетімділікті қамтамасыз етуді, қызмет көрсету, кадрлар даярлау және т. б. көздейтін паллиативтік медициналық көмекті дамытудың 2022-2024 жылдарға арналған, (Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 18 сәуірдегі № 289 бұйрығы) және балалар паллиативтік медициналық көмегін 2022-2024 жылдарға арналған (Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 30 маусымдағы 529 бұйрығы) жол карталары бекітілді

Ағымдағы жылы паллиативтік көмек көрсетудің 6 клиникалық хаттамасы қайта қаралды.

Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі (бұдан әрі – ТМККК) шеңберінде паллиативтік көмек көрсету үшін 17 дәрілік зат, оның ішінде 3 опиоид (трамадол, морфин және фентанил) көзделген.

Үкімет 2023-2025 жылдарға арналған онкологиялық аурулармен күрес жөніндегі Кешенді жоспарды (Үкіметтің 2023 жылғы 5 қазандағы № 874 қаулысымен) (бұдан әрі – Кешенді жоспар) бекітті.

Кешенді жоспарда паллиативтік пациенттерді мобильді бригадалардың қызметтерімен қамтуды 40% - дан 70% - ға дейін кеңейту, мамандарды ауруға қарсы сатылы терапия әдістемесіне оқыту, инвазивті емес опиоидты анальгетикалық дәрілік заттардың спектрін кеңейту жөніндегі шаралар көзделген.

Паллиативтік көмек тарифтерін қайта қарауға қатысты

Үкімет міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруды жетілдіру бойынша қабылданатын шаралар шеңберінде басым бағыттар мен өңірлік ерекшеліктерді ескере отырып, медициналық көмектің деңгейлері, бейіндері бойынша тарифтерді кезең-кезеңімен қайта қарау, оның ішінде өзге де шығыстарды (*дәрілік заттар, тамақтану, коммуналдық шығыстар, ғимараттар мен жабдықтарға қызмет көрсетуге арналған шығыстар*) индекстей отырып жұмыс жүргізуде.

Паллиативтік көмек тарифтерін қайта қарау және әзірлеу осы жұмыс шеңберінде 2024-2025 жылдарға жоспарланған.

«Паллиативтік көмек дәрігері» және «Паллиативтік көмек медбикесі» мамандықтарын медициналық мамандықтар номенклатурасына енгізуге қатысты

«Паллиативтік көмек дәрігері» және «Паллиативтік көмек медбикесі» мамандықтарын медициналық және фармацевтикалық кәсіптер номенклатурасына енгізу мәселесі белгіленген тәртіппен қаралады.

Осыған байланысты Денсаулық сақтау министрлігіне оларды даярлаудың білім беру бағдарламаларын әзірлеу қажеттілігін ескере отырып осы мәселеге жан-жақты талдау жүргізу тапсырылды.

Бұл жұмыс Үкіметтің бақылауында.

Ә. Смайылов